



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

регионоведение. Востоковедение». 2012. С.129-139.

2. Воронцов А.В. Корейский полуостров в 2014-м: куда качнётся маятник? // Азия и Африка сегодня. 2015. №2. С.46-52.
3. История Кореи (Новое прочтение) / Под ред. проф. А.В. Торкунова. М.:РОССПЭН, 2003. С. 398.
4. North Korea Says U.N. Sanctions Are Causing ‘Colossal’ Damages, CHOE SANG-HUN, URL: <https://www.nytimes.com/2017/09/29/world/asia/north-korea-un-sanctions.html> (дата обращения 20.02.2018).
5. Худoley К. Корейский кризис и политика России // Мировая политика и международные отношения. 2014. № 1. С. 63–71
6. Торкунов А.В., Денисов В.И., Ли В.Ф. Корейский полуостров: метаморфозы послевоенной истории. М.: ОЛМА Медиа Групп. 2008. С. 460.
7. China’s Harsh Words Mask a Trade Boom With South Korea, SUI-LEE WEE and JEYUP S. KWAAK. URL: <https://www.nytimes.com/2017/09/29/business/china-south-korea-trade.html> (дата обращения 20.02.2018)
8. Курбанов С. О. История Кореи: с древности до начала XXI в. — СПб.: Изд-во С.-Петербург. ун-та, 2009. — 680 с.
9. Жебин А.З. Северная Корея: бомбы, ракеты, санкции // Азия и Африка сегодня. 2017. № 1. С.2-9.
10. Жебин А.З. Ядерная проблема и пути ее решения на Корейском полуострове // Новые вызовы и механизмы безопасности в Восточной Азии. М.: ИД «ФОРУМ». 2016. С.264-284.

УДК 327

ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ЖАПОНИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ЖҮРГІЗІП ОТЫРҒАН «ЖҰМСАҚ КҮШ» САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Айткешов Нурзат
aitnurzmfc@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті халықаралық қатынастар факультеті,
аймақтану кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан Ғылыми жетекшісі-
Ж.Е.Нурбаев

Қытайдың Қазақстанға жүргізіп отырған «жұмсақ күш» саясаты және ерекшеліктері

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бастап әлемнің көптеген мемлекеттері еліміздің тәуелсіздігін мойындап, елімізбен дипломатиялық қарым-қатынастар орната бастады. Сондай мемлекеттердің бірі – елімізбен көршілес жатқан әлемдегі алып ірі державалардың бірі болып саналатын Қытай Халық Республикасы. «Аспан асты елі» Қазақстанның тәуелсіздігін 1991 жылдың соңында мойындап, 1992 жылдың 27 тамызында екі елдің арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнады. Міне, 25 жыл бойы екі мемлекет арасында көп сала бойынша көптеген ірі жетістіктерге жетті. Бұл, ең алдымен, Қытайдың Қазақстанға жасап отырған «жұмсақ күш» саясатының арқасында екені сөзсіз. Бір аймақта орналасқан бұл елдердің Азия құрлығындағы аймақтық интеграциялық ұйым – Шанхай Ынтымақтастық ұйымына мүше болуы екі елдің арасындағы көптеген салалардағы ынтымақтастықты дамытып отыр. Мейлі, бұл экономикалық, саяси-мәдени, қауіпсіздік және т.б. салалары болсын, бәрі «Аспан асты елінің» елімізбен көрегендік саясатын жүргізуінің жемісі болып табылады.

Жоғарыда айтып кеткенімдей, Қытайдың «жұмсақ күш» саясатының елімізде іске асыруының бірден-бір басты салаларының бірі – экономикалық сала болып табылады. 2010 жылы екі мемлекеттің арасындағы екіжақты тауар айналымы 20,4 млрд АҚШ долларын құрап, сол бойынша Қытай Ресейден кейінгі орында тұрақтады. Алғашқы жылдары екі елдің

сауда айналымы небәрі 368 млн АҚШ доллары ғана болса, 2012 жылға дейін бұл көрсеткіш 60 есе өсті. Мұндағы басты атап көрсететін мәселе – Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық ынтымақтастық тең құқылық, сенім және өзара тиімділік негізінде жүзеге асырылып келеді. Бұндай қадам екі ел арасындағы ынтымақтастықтың одан әрі дамып, өз нәтижесін беретіндігі сөзсіз [1, 274 б.].

Қазақстан мен Қытай арасындағы энергетикалық саладағы ынтымақтастық күннен күнге дамуда. Оған 1997 жылы екі тараптың бастамасымен іске қосылған Атасу-Алашанькоу мұнай құбырын жатқызуға болады. Бұл мұнай құбыры тек энергетика саласында ғана жемісін беріп отырған жоқ, сонымен қатар оның «Аспан асты елі» үшін геостратегиялық маңызы зор. Себебі, Атасу-Алашанькоу құбыры арқылы Ресейге және Шығыс Еуропаға жол ашылады. Энергетика саласында мұнай құбырларын ғана емес, сонымен қатар табиғи газ құбырларын салу алға қойылған. Мәселен, екі тарап та 2010 жылы Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырын салу туралы келісімге қол қойды. Сонымен қатар, Шымкент және Атырау мұнай өңдеу зауыттарын, Ақтау пластмасса зауытын, Мойнақ Су Электр Станциясын салу жөніндегі жобалар іске асырылуда [1, 275 б.].

Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық байланыстар жоғарғы деңгейге көтерілуде. Оның басты себебі – Қытай үшін Қазақстанның Орталық Азия аумағындағы №1 серіктес болуы. Шынында да, бұл екі елдің арасындағы «жан-жақты стратегиялық серіктестік қарым-қатынасын» барынша айқындайды.

«Аспан асты елінің» Қазақстанға жүргізіп отырған «жұмсақ күш» саясатының басты көрінісі – Қытайдың «Жаңа Жібек жолы». Бұл жол Қазақстан аумағы арқылы өтетіндігі сөссіз. Қазақстан тасымалдаушы ел болғандықтан мұндай жобаларға еліміз инфрақұрылымдық және логистикалық желілерді дамыту жағынан мүдделі.

Қытай «Жаңа Жібек жолы» бастамасын іске асыру үшін Азиялық инфрақұрылымдық инвестициялар банкі құрған болатын. Бұл банкті құрудың бірнеше себептері бар. Біріншіден, Қытай бұл банк арқылы Азиядағы өзіне қызықты жобаларды қаржыландыра алады. Екіншіден, «Жаңа Жібек жолы» аясында Қытай «Жібек жолындағы экономикалық белдеу» мен «XXI ғасырдың Теңіз Жібек жолы» атты екі бастаманы қалыптастырып, іс жүзінде жүзеге асыра алады. Үшіншіден, «Аспан асты елі» өз инвестицияларының көлемін ұлғайтумен қатар, юаньді алдыңғы қатарлы валютаға айналдыруға ұмтылады. Азиялық инфрақұрылымдық инвестициялар банкі болашақта бұл мүмкіндіктерді жүзеге асыратыны сөзсіз. Төртіншіден, Қытай Азияда өз ықпалын жүзеге асыра алады. Себебі, Қытай – барлық жобалардың негізгі инвесторы. Бесіншіден, «Аспан асты елі» әлемдегі ықпалды мемлекет – АҚШ-қа қыр көрсете алады [2].

Елбасымыз жыл сайынғы Жолдауында Қазақстан азаматтарының ұлттық намысы оятумен келеді. Ана тілді құрметтеу, туған елге адал қызмет ету, төл тарихты қадірлеу – Елбасымыздың Жолдауларында бүгінгі күнге шейін айтылып келеді. 2015 жылғы үндеуінде елбасымыз Н.Ә. Назарбаев тағы да қазақтың дәулетті, іскер ұл-қыздарын ұлттық намысты ұмытпауға шақырып, қазіргі жаһандану жағдайында Отан алдында тұрған игі мақсат-мұраттарды жүзеге асыру басты парыз екенін мәлімдеді. Бұл жолдауда елбасымыз барлық қазақстандық кәсіпкерлер мен бизнесмендерге сөз арнап, Қазақстанның жекешелендіру мен экономикалық ырықтандыруда бұрын-соңды болмаған қадамдарға барғанын атап өтті. Шындығында, Еліміз қазіргі таңда ақша табуға және іскерлікпен айналысуға мүмкіндік берді. Осыны, ескере отырып, елбасымыз дәулетті ұл-қыздарымызды капиталды заңдастыруға, жекешелендіру тендерлеріне белсенділік танытуға шақырды. Сөйтіп, елімізге үлес қосатын ел сыйлар азаматтары көбейетініне сенім білдірді.

Елбасымыз бұл үндеуінде дәулетті ұл-қыздарымызға сенім артып отырғандығы сөзсіз. Елімізде мемлекеттік деңгейде қолға алынған игі жобаға үлес қосқанға не жетсін! Сатып алған кәсіпорынды кеңейтіп, жұмыс орнын ашып, өнімді көбейткен жағдайда халық төбеге көтереді. Ал бұдан асқан қандай бақыт керек?!

Бұл жерде Қазақстанның танымал тарихшысы, әрі саясаттанушысы Константин Сыроежкиннің «Қазақстан Қытайдан қорқу керек пе: аңыз бен үрей» атты еңбегінде

қызықты деректер келтірілген. Қазіргі таңда Қытай коммунистік идеологияны алға тартқан әлемдегі алпауыт мемлекет. Алайда, XX ғасырда кеңестік саясатшылар марксизм-ленинизм идеологиясына өзгерістер жасады деп сынаған. Бүгінде нарықтық экономикаға ден қойған кезінде елден тысқары жүрген қытай азаматтары өз еліне жаппай көмекке келеді. Әбден экономика дағдарысқа ұшыраған кездерде де қаражатымен мен де, ақыл-кеңесімен де атсалысады. Бүгінде әлемнің түкпір-түкпіріне тараған «хуацяо» аталып кеткен қытайлықтар «Аспан асты елі ғажайыбының», атап айтқанда, бүкіл шаруашылықты әуелі өндірісте, одан кейін басқа салалардың дамуының ұйытқысы болып отыр. Нақтырақ айтсақ, 1978-1991 жылдар аралығында «Аспан асты еліне» 18 миллиард АҚШ доллары көлемінде инвестиция құяды. Осыған орай Қытайдың экономикасына басқа елдерден тартылған бүкіл инвестицияның 77 пайызын құрайды [3].

Қытай үшін Орталық Азия аймағында орналасқан бес мемлекет – Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан және Қырғазстан – барлығы маңызды геостратегиялық серіктес екендігі белгілі. Себебі, бұл мемлекеттердің жер қойнауы көптеген түрлі табиғи ресурстарға өте бай.

2001 жылы құрылған халықаралық Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы арқылы бұл ұйымға мүше мемлекеттердің арасындағы көптеген салалардағы байланыстар бірдей мүддені қалайтынын көрсетеді. Осының шеңберінде ғылыми-техникалық, гуманитарлық сияқты салалардағы ынтымақтастық күннен-күнге дамып келеді. «Аспан асты елі» басшылығы Ресей Федерациясы және Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынастың нәтижесінде қытайлық корпорациялар мен компаниялардың Қазақстан, Өзбекстан сынды мемлекеттермен кәсіпорын филиалын ашу туралы келісімшарттарға қол қойылды. Бұл Қытайдың жүргізіп отырған «жұмсақ күш» саясатының бірден-бір көрінісі.

Жоғарыда атап көрсеткенімдей, соңғы 3-4 жылда Қытай ауқымды «Бір жол – бір белдеу» бағдарламасы шеңберінде «Жібек жолының экономикалық белдеуі» атты жобасын алға тартты. Жоба көптеген саясаткерлер мен экономистердің назарын аударды десек қателеспейміз. Себебі, бұл жобаның іске асуы болашақта «Аспан асты елінің» Еуразия құрлығының экономикалық-әлеуметтік өрлеуіне ықпал ететіндігі сөзсіз.

Бір қызығы, бұл жоба жөнінде «Аспан асты елінің» төрағасы Си Цзиньпин ең алғаш 2013 жылы қыркүйек айында Астанадағы Назарбаев университетінде ұсыныс жасады. Бұның себептері көп. Бірақ, басты себебіне тоқталсақ, бұл – Қытайдың Қазақстанды көршілес мемлекет ретінде ғана емес, сонымен қатар маңызды стратегиялық әріптес ретінде санауы [4].

<p>S</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қытайдың «Жаңа Жібек жолы» Қазақстан арқылы өтеді. 2. Мәдениет саласындағы ынтымақтастық жоғары деңгейде. 3. Қазақстанның «Жаңа Жібек жолының» арқасында өз тауарлар тасымалдауы. 	<p>W</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстанның энергетика саласындағы Қытайдың ықпалы айтарлықтай көп. 2. Қазақстан Қытай үшін серіктестіктен басқа, геостратегиялық маңызы бар дәліз 3. Қытай тілін таратып жүрген институттар Қазақстанда көп шоғырланған.
<p>O</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстанның сауда жолдары кеңейіп, өз тауарларын Таяу Шығыс және Ресей арқылы Еуропаға тасымалдауға негіз болатын инфрақұрылымдық желілер елімізде шоғырланған. 2. Мәдениет саласы бойынша жыл сайын екі мемлекет тарапынан мәдени күндер өтіліп тұрады. Алайда, жақында отандасымыз Д. Құдайбергenniң «I'm singer» байқауында 2-орынды алуы қазақ елін паш етті. 3. «Жаңа Жібек жолы» арқылы Қазақстан өз тауарларын, әсіресе ауыл шаруашылық 	<p>T</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қытай энергетика саласы бойынша Қазақстанға экономикалық экспанция жасап отыр. Мәселен, 2014 жылғы forbes.kz порталының мәліметтері бойынша Қазақстанда энергетика саласы бойынша 22 қазақстандық компаниялардың акцияларын қытайлық компаниялар сатып алған. 2. Танымал қазақстандық ғалым, саясаттанушы К. Сыроежкиннің «Қытай және Қазақстан: аңыз-үрейлер мен шындық» атты мақаласында Қазақстанның бүгінгі мен ертеңі жайлы мәліметтер беріп, болашаққа болжау жасады. Ал,

<p>өнімдерін шет елдерге тасымалдау мүмкіндігі мол. Әсіресе, Қазақстан омарта, астық дақылдар және т.б. сапалы өнімдерді өндіруден алдыңғы қатарлы елдер құрамына кіреді. «Жаңа Жібек жолы арқылы» Қазақстан Қытай, Ресей, Орталық Азия елдеріне өз тауарларын шығара алады.</p>	<p>болашақта қытайлық экспанцияның жүзеге асу мүмкіндігі бар екені сөзсіз. 3. Қазақстанда қазақ тіліне назар аудармай жатқан қытай азаматтары күннен-күнге көбеюде. Бұның басты себебі – қытай тіліне басты назар аударылған тілдік институттар.</p>
--	--

Қорытындылай келе, «Аспан асты елінің» елімізге жасап отырған «жұмсақ күш» саясатын жоғарыда келтірілген мысалдардан көре аламыз. Қытай, әрине, Шығыс Азия аймағындағы алпауыт мемлекет. Қазақстан тек көршілес мемлекет қана емес, сонымен қатар Қытай үшін геостратегиялық маңызы бар дәліз рөлін атқарады. Бұл еліміз үшін мүмкіндік те, қауіп-қатер де болып табылады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев әр жыл сайын халыққа үндеу жолдап келеді. Біз елбасымыз жолаған үндеу мен жолдауды әрқашан жадымызда ұстауымыз қажет. Себебі, елімізбен көршілес екі ірі мемлекет Ресей мен Қытай орналасқан. Сондықтан, экономикамызды қазіргі заманға сай талапқа негіздемесек, Қытайдан келетін қауіп-қатердің зардабын көретін боламыз. Сол себепті, Қазақстанның дәулетті азаматты бәсекеге қабілетті болған жағдайда, мүмкіндіктердің молаюына сөзсіз негіз болады. Міне, 25 жыл бойы Қазақстан мен Қытай тараптары екіжақты келісімдер аясында көптеген жетістіктерге жетті. Оны экономика, мәдениет, қауіпсіздік және т.б. салалардағы ынтымақтастық және достық қарым-қатынастарынан байқауға болады. Қытайдың «Жаңа Жібек жолы» атты бағдарламасы еліміз үшін мүмкіндік те, қауіп-қатер де бола алады. Оның жемісі баяу болса да, көрініс табуда.

Жапонияның Қазақстанға жүргізіп отырған «жұмсақ күш» саясаты және ерекшеліктері

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бастап әлемнің көптеген мемлекеттері еліміздің тәуелсіздігін мойындап, елімізбен дипломатиялық қарым-қатынастар орната бастағаны белгілі. Жоғарыда Қытай туралы айтылса, ендігі жолы Жапонияға тоқталғым келеді. Жапония – тек экономикасымен ғана емес, кез келген саланы алсақ та, мейлі мәдениет, мейлі қауіпсіздік болсын әлемді мойындатқан алдыңғы қатарлы мемлекеттердің бірі. XX ғасырдың соңында екі мемлекеттің арасындағы қарым-қатынасқа терең үңіліп көрейік. 1993 жылы «Күншығыс елінің» елшілігі Қазақстанның сол кездегі астанасы Алматыда ашылды. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 1994 жылы сәуірі мен 1999 жылдың желтоқсан айларындағы Жапонияға жасаған іссапарлары екіжақты қатынастардың негізін қалап берді. Елбасының «Күншығыс еліне» жасаған бірінші сапарында Қазақстан мен Жапония арасындағы келісімдерді мақұлдау туралы ноталармен алмасты. Ал, екінші сапарда достастық және ынтымақтастық туралы бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Құжатта екі тарап та өзара тиімділік және теңдік қағидаларын негізге ала отырып, болашақта қарым-қатынастарды дамытуға дайын екенін мәлімдеді [5, 156 б.].

2004 жылды тамызында «Күншығыс елінің» премьер-министрі Й. Кавагучидің елімізге жасаған іссапары нәтижесінде қазіргі елордамыз Астанада «Орталық Азия+Жапония» атты бастама барысында алғашқы маңызды кездесулер өтті. Бұл бастама жапондық жақпен Орталық Азия аймағындағы интеграцияға демеу көрсету, сонымен қатар аймақтағы бүкіл бес мемлекетпен екіжақты деңгейде қарым-қатынастарды дамытып қана қоймай, тараптар арасындағы байланыстарды арттыру мәселелері қозғалды [1, 283 б.].

Қазақстан мен Жапония арасындағы саяси-мәдени байланыстардың дамуына елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2008 жылы 18-22 маусым аралығында «Күншығыс еліне» жасаған іссапары маңызды рөл атқарды. Іссапар барысында елбасымыз Жапонияның императоры Акихитомен жүздесіп, халықаралық қатынастардағы өзекті мәселелер жайлы және олардың алдын алу жолдары жайлы пікір алмасты. Содан кейін Жапон премьер-министрі мен экономика сынды салалардағы байланыстардың болашағы туралы сөз қозғау мақсатында индустрия және сауда министрі Акиро Амаримен және «Сумитомо», «Тошиба»,

«Митцуи», «Митсубиши», «Импекс» сияқты танымал компаниялар мен корпорациялардың өкілдерімен кездесті. Осы орайда талқыланған мәселелер қос мемлекеттің арасындағы диалогтарға тың серпін берген болатын. ХХІ ғасырда бұл корпорациялар Қазақстанның бірқатар корпорациялары мен ЖШС-теріне инвестиция құйды. Мәселен, «Аппак» ЖШС-не Сумитомо және Кансай корпорациялары, сәйкесінше, 25 және 10 пайыз инвестиция құйды. [1, 285 б.].

Жапонияның «жұмсақ күш» саясаты Қытайдың «жұмсақ күш» саясаты сияқты тек сауда-экономикалық қатынаспен шектеліп қалмайды. Жапония 1972 жылы құрылған «Жапондық қор» құрып, бүгінгі таңда көптеген елдерді жапон тілін оқуға құштар азаматтарға жеңілдіктер жасап келеді. Мұнда да білім беру, денсаулық сақтау секілді гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық та бар. Білім саласында «Күншығыс елі» тарапынан жапондық ЖОО-ларында (Цукуба және «Токай» университеттері, т.б.) студенттермен алмасып, оларға сапалы білім беру алға қойылған.

Мәселен, былтырғы жылдың 8 қарашасында елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Жапонияға жасаған іссапар барысында «Күншығыс елінің» танысал ЖОО-ның бірі – «Токай» университетінде болып, сөз сөйледі. Сөйлеген сөзінде еліміздегі танымал жоғары оқу орны Назарбаев университеті мен «Токай» университеті арасындағы тығыз әріптестіктің орнатылғандығы жайлы мәселе қозғалды. Сонымен қатар Назарбаев университетінің қазіргі ректоры, жапон азаматы Шигео Катсу мырзаның Назарбаев университетінің басқа ЖОО-лармен тең дәрежеге жетудегі қосқан үлесін елбасымыз атап айтты. Қазірде ғалымдар мен студенттер арасында ғылыми тәжірибелермен алмасу жоғары деңгейде жүргізіліп келеді. 2010 жылдан бастап «Токай» университетінде 16 қазақстандық азамат әр сала бойынша білім алуда. Бұл тек әлемдегі сапалы білім беретін «Токай» университетінде ғана. Ал, Цукуба университетіндегі білім алып жатқан қазақстандық студенттердің саны қаншама!?

Елбасымыз алдағы уақытта да Жапония мен Қазақстан тараптары экономика мен саясатта да маңызды серіктес ретінде бірігіп жұмыс атқаратындағын мәлімдеді. Бүгінде еліміз білім мен ғылымға басты назар аударуда. Осыған орай жапондық тараптың көмегі ұшан-теңіз. Бұл салада белсенді және демісті қадамдар жүргізу еліміз үшін өте маңызды. Сонымен қатар елбасымыз Қазақстанды көркейтуге көп күш салған Жапония еліне алғыс айтты. Себебі, енді ғана тәуелсіздік алған Қазақстанның қиын-қыстау заманында «Күншығыс елі» көп көмек көрсетті. Соның ішінде аз уақыт ішінде бой көтерген елорадамыз – Астананың жобасын салған жапон азаматы Кише Курокаваның еңбегін жоғары бағалайтынын айтты [6].

2016 жылдың қарашаның 6-9 күндері аралығында елбасымыз Жапония еліне іссапармен барып қайтты. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Күншығыс» еліне жасаған сапары екі тараптың қарым-қатынастарының дамуына үлкен серпіліс берді. Қазақстан мен Жапония мемлекет басшыларының 2015 және 2016 жылдардағы кезек-кезек жасаған ресми іссапарларының сәтті жүзеге асуы қос мемлекеттің екіжақты қарым-қатынастары тарихындағы елеулі оқиға болып табылады.

Бұл орайда, 2016 жылы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты емес мүше болып сайланған Қазақстан үшін және 2015 жылы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты емес мүше болып сайланған Жапония үшін де биылғы жыл БҰҰ шеңберінде өзара серіктестікті дамытуға мүмкіндік беретін жемісті жылға айналмақ. Қазақстан мен Жапонияның сыртқы саясаттағы қадамдары бір-біріне ұқсас және де қос мемлекет БҰҰ шеңберінде әлемдік мәселелерді бірге шешуге талпыныс жасайтыны сөзсіз. Сонымен қатар халықаралық қауымдастықтың өркендеуі барысында бірігіп жұмыс жасауда.

Бүгінде Жапония мен Қазақстан арасындағы мәдени алмасулар өте тығыз байланыста. 2016 жылы икебана шеберлік курстары, дзюдо, кэндо сынды спорт түрлері бойынша демонстрациялар және т.б. маңызды іс-шаралар өткені белгілі. Сонымен қатар «Астана Балет» театрының «Күншығыс еліне» жасаған гастрольдік сапарындағы жапон тұтқыны Ахико Тецуруның өміріне байланысты тарихи драма қойылымы қос мемлекеттің өнер мен мәдениет саласындағы байланыстарын одан әрі дамытты. Тарих, археология,

ғарыш сынды салаларда бірлескен қадамдар күн сайын өркендеп келеді.

Биыл еліміздің астанасы Астанада маңызды шара – ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі өтетіндігі бәрімізге мәлім. Көрме кезінде Жапония павильонының басты тақырыбы – «Smart Mix with Technology». Павильон «Күншығыс елінің» қауіпсіз және қоршаған ортаға кері әсерін тигізбейтін түрлі энергия көздерін қолдануға және жүзеге асыруға негізделген ең заманауи технологияларымен таныстырады [7].

<p>S</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Орталық Азия+Жапония» атты бастама шеңберінде Жапонияның Орталық Азияға, соның ішінде Қазақстанға жасап отырған жеңілдіктері. 2. Жапония өнімдерінің Қазақстанда сұранысқа ие болуы. 3. Қазақстан мен Жапония байланыстарының ортақтастығы 4. Ғылым-білім саласы аясындағы ынтымақтастықтың жоғары деңгейге көтерілуі 	<p>W</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жапония мамандар кадрларының Қазақстанда аз болуы (Қытайдың кесірінен) . 2. Жапония Қазақстанның шикізат өнімдерін экспорттауы 3. Жапонияның шет елдерге деген теріс көзқарастың жалғасуы.
<p>O</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Орталық Азия+Жапония» атты бастама шеңберінде Жапония тарапынан көптеген жеңілдіктер жасалды. Солардың бірі – Жапондық қордың құрылуы. Бұл қор шет елдер, соның ішінде Орталық Азияда жапон тілін оқитын жастардың қызығушылығын арттыруға байланысты Жапонияда тегін білім алу, саяхаттау және т.б. бойынша қаржыландыру болып табылады. 2. Жапония тауарлары әлі бүгінгі күнге шейін сұранысқа ие. Автокөліктер, тұрмыстық заттар және т.б. халық игілігіне қажетті тауарлар. Соңғы кездері бұл өнімдерді шығаратын зауыттар ашылуда. 3. Қазақстан мен Жапонияны байланыстыратын құндылықтар өте көп. Бұл діл,тіл ерекшеліктері және т.б. Алайда, бұл екі мемлекетті байланыстыратын басты нәрсе – бейбітшілікті қолдау механизмінің сәтті жүзеге асырылуында. 4. Ғылым мен білім аясында екі ел ынтымақтастығы қазіргі таңда жоғарғы деңгейде. Оның басты көрінісі – білім алып жүрген азаматтардың ғылымға деген құлшынысы. Соңғы кездері қазақстандық жастардың робот құрастыру және т.б. орын алуда. 	<p>T</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жапония мамандар кадрлары Қазақстанда өте аз. Оның басты себебі – Қытайдың Қазақстанға ықпалы. Сол себепті де Қазақстан Орталық Азиядағы қалған мемлекеттерге қарағанда Жапониямен Бүкіл сала бойынша ынтымақтастықты дамыта алмай келеді. Мәселен, Жапония мен Қазақстан арасында энергетика саласындағы жасалған қадамдардың саны өте аз. 2. Жапония – табиғи ресурстарға кедей мемлекет. Алайда, әлемдік ноу-хауды жетік меңгерген мемлекет. Жапонияның Қазақстанға деген қызығушылығы табиғи байлықтардың көп болуымен сипатталады. 3. Қазіргі күнге шейін Жапония шет елдерге деген теріс көқарас жалғасып келеді. Оның себептері бәрімізге мәлім. Жапон халқының шетел азаматтарына теріс көзқараспен қарау әсіресе Жапонияда анық байқалады.

Қорытындылай келе, «Күншығыс елінің» елімізге жасап отырған «жұмсақ күш» саясаты, ең алдымен, экономика саласынан, одан кейін басқа салалардан көруге болады. Қазіргі таңда елімізде әлемге танымал жапондық корпорациялардың өнімдері шығарылуда. Ол дегеніміз – еліміздің жапондық тауарлардың сұранысқа ие екендігі. Жапония – әлемді өзінің экономикасымен таң қалдырған мемлекет екені бәрімізге мәлім. Осыған орай, жапон тілін, ділін білу көптеген халықтардың назарын аударуда. Солардың бірі – қазақ халқы. Әр жыл сайын жапон тіліне деген қызығушылық қазақстандық жастардың бойында көптеп кездеседі. Оны біз жапон тілін меңгергісі келетін жастардан байқаймыз. Менің ойымша,

Жапония Қытайға қарағанда «жұмсақ күш» саястын белсенді іске асыруда. Алайда, біздің еліміз жайлы айтқанда Қытай басым екені сөзсіз. Себебі, Қытай бізге көрші мемлекет. Ал, Жапония болса аралдық мемлекет. Алайда, жапондық құндылықтар аса жоғары деңгейде тұр дегенді мойындаған жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сүлейменов Т.С., Сомжүрек Б.Ж., Елмырзаева Р.С. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. – Алматы: Экономика, 2012. – 468 б.
 2. Сыроежкин К. Қытай және Қазақстан: аңыз-үрейлер мен шындық [Электронды ресурс]: «Капитал» іскерлік ақпарат орталығының ресми сайты. Қолжетімділік режімі: <https://kapital.kz/expert/39499/ytaj-zh-ne-aza-stand-a-yz-rejler-men-shyndy.html>.
 3. Смайыл А. Елбасы сөзі дәулетті азаматтарға мол мүмкіндік ашып беріп отыр [Электронды ресурс]: «Егемен Қазақстан» Республикалық газетінің ресми сайты. Қолжетімділік режімі: <https://www.egemen.kz/2015/12/11/10928.html>.
 4. Амангелді Ә. Қытайдың «жұмсақ күш» саясаты [Электронды ресурс]: «Алматы ақшамы» қоғамдық-саяси газетінің ресми сайты. Қолжетімділік режімі: <http://almaty-akshamy.kz/2016/08/03.html>.
 5. Токаев К.К. Под стягом независимости: Очерки о внешней политике Казахстана. – Алматы, 1997. – 312 б.
 6. Еділқызы Л. Назарбаев: Жапонияда оқитын Қазақстан жастарының санын арттырамыз [Электронды ресурс]: «Егемен Қазақстан» Республикалық газетінің ресми сайты. Қолжетімділік режімі: <https://www.egemen.kz/2016/11/08/72360.html>.
 7. Кавабата И. Тамырымызда да, тағдырымызда да ұқсастық бар [Электронды ресурс]: «Егемен Қазақстан» Республикалық газетінің ресми сайты. Қолжетімділік режімі: <https://www.egemen.kz/2017/01/26/95673.html>.
- УДК 323.3

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ, БАСЫМДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

Атаева Тогжан Тасболатқызы

Jan_92.17@mail.ru

Л.Н.Гумилев ЕҰУ, Аймақтану кафедрасының оқытушысы,
Астана, Қазақстан

Орталық Азия мемлекеттері ішінде саясаты өзгеріске ұшырып, болашаққа нық қадамдар жасап, жаңа бастамалар мен жоспарлар құрып келе жатқан Өзбекстан мемлекеті тамыры тереңде жатқан көпұлтты республика. Өзбекстан мемлекетінде 120-дан астам ұлттар мен ұлыстардың өкілдері тұрады. Ал әкімшілігі жағынан бір автономиялық республикаға (Қарақалпақстан) және 12 облысқа бөлінеді. Қазақстан, Түркіменстан, Қызғызстан, Тәжікістан және Ауғанстанмен шектесіп жатқан бұл мемлекет табиғи ресурстарға бай болып табылады. Атап айтатын болсақ, барлық Орта Азиядағы газ конденсатының 74%-ы осы елдің үлесіне тиеді. Алтын қоры жөнінен ол әлемде 4, жез қоры жөнінен 11, уран қоры бойынша 7 – 8-орынды иеленеді. Бүгінгі таңда Өзбекстанның халқы күннен күнге артып келуде. Бүгінгі таңда өзбектер ел халқының 3/4 бөлігін құрайды. Олардан басқа ресми мәлімет бойынша орыстардың үлесі 7,4% тәжіктердің үлесі 4,7%, қазақтардың үлесі 4,1%.

Негізгінен алсақ, Өзбекстан жедел дамып келе жатқан ел. Оны біз мына белгілерден байқасар болады. Біріншіден, халық саны көп мемлекет. Қазіргі статистикаға сүйенетін болсақ 31 миллион халық бар. Енді 15-20 жылда 40 миллион адамға жетіп қалуы ғажап емес. Ал бұл көрсеткіш көп салаға оң әсер береді. Екіншіден, ауыл шаруашылығы қарқынды дамуда. Ел өз экономикасын өзі қамтамасыз ете алатындай мүмкіндігі бар. Үшіншіден,